

Педагогикалық кеңес № 1

Өткен күні: 29.082023ж

Қатысқандар: 13

Қатыспағандар: _____

Тақырыбы: «2023-2024 жаңа оқу жылындағы балабақшажызметінің негізгі бағыттары»

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау. 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және негізгі жылдық міндеттемелерді талқылау, бекіту.

1. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан еспубликасының мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысу, бекіту.
4. Вариативті компоненттер.
5. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі.
6. Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарының өту кестесі.
7. Топтардағы балалардың тізімі.

Жауапты: меңгеруші *Б. Турлыбекова*

ТЫҢДАЛДЫ.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі *Б. Турлыбекова* сөз алып педагогикалық кеңестің ашық деп жариялап күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті.

2023 - 2024 оқу жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті.

Медбике жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен таныстырып өтті.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі *Б. Турлыбекова* 2023-2024 оқу жылында Қазақстан еспубликасының мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.

Әдістемелік нұсқау хат 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына карамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне және мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына, мектепалды сынып педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫ БАСҚАРУ

Басқарудың негізгі қағидалары

1. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы ортасын стратегиялық талдау.
2. Кадр саясаты тұжырымдамасын әзірлеу.

3. Кадрлық менеджменттің негізгі қағидаларын айқындау.
4. Педагогтермен, қызметкерлермен мақсатты жұмыс стратегиясын қалыптастыру.
5. Ұйымдастыру жұмысының тиімді тетігін қалыптастыру.
6. Кадрлармен жұмыс істеудің инновациялық нысандары мен әдістерін әзірлеу.
7. Ұзақ мерзімді перспективада кадрлық қамтамасыз ету стратегиясын құру.
8. Ұлтымақтастық үшін отбасымен өзара әрекет жасаудың ықпалды тәжірибесін енгізу

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасының критерийі

Білім беру сапасының мәселелеріне қатысты көптеген тәсілдер аясында келесі критерийлер негізгі параметрлер болып анықталды: - қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес нормалар мен талаптарды сақтау; - оқу бағдарламасының міндеттерін сапалы іске асыру; - педагогтердің құзыреттілігінің жоғары деңгейі; - ортаның қол жетімділігі және дамытушы заттық-кеңістіктік орта жағдайларына сәйкестігі; - мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық жаратқандырылуы; - балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; - ата-аналардың тәрбие мен оқыту процесіне қатысуы.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленді.

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар; ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ – 5 жастағы балалар.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысу, бекіту.

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдениәлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы

ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша 4

****** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

******* Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

******** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Жаңа 2023 - 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстырып және 2023- 204 оқу жылына бөбекжай балабақша міндеттерін меңгеруші *Б. Турлыбекова* бекітті.

4. Вариативті компоненттер.

5. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі.

Ұйымдастырылған іс - әрекеттер	жүктемесі
Дене шынықтыру	Дүйсенбі Сәрбенбі Жұма күн сайын
Жүзу	
Сөйлеуді дамыту	күн сайын
Көркем әдебиет	күн сайын
Қазақ тілі	
Математика негіздері	күн сайын
Құрастыру	күн сайын
Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
Сурет салу	күн сайын
Мүсіндеу	күн сайын
Жапсыру	күн сайын
Музыка	Сейсенбі күн сайын

Күн тәртібін, ҮІӘ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды меңгеруші
Турлыбекова бекітті.

Б.

Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырманы беріп меңгеруші Б. Турлыбекова бекітті.

6. Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарының өту кестесі.

7. Топтардағы балалардың тізімі.

Әртүрлі мәселелер талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан еспубликасының мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырылсын, жұмыстар жүргізілсін.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастырылсын және 2023- 2024 оқу жылына арналған бөбекжай балабақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырылсын, бекітілсін.

4. 2023 - 2024 оқу жылына арналған вариативті компоненттегі білім беру үдерісіне келесі авторлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар бекітілсін.

5. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестелері бекітілсін.

6. Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарының өту кестесімен таныстырылсын.

7. Топтардағы балалардың тізімі бекітілсін.

Ш/б. мұқабалық
Хатима



Ш. Турлыбекова
К. Жағалба

ЖШС «Әсет-Әлі» бобекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес № 2

Өткен күні: 30.11.2023ж

Қатысқандар: 10

Қатыспағандар: _____

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, жанды және жансыз табиғат объектілерін, құбылыстарын білуге құштарлығы мен саналы-дұрыс қатынастарын дамыту»

Күн тәртібінде

- 1.Топ балаларының I-ші квартал бойынша сырқат қорытындысы.
- 2.Кітаптар көрмесінің қорытындысы.

1. Топ балаларының I-ші квартал бойынша сырқаттары жайлы мед бике А. Кулжанова есеп берді.

Қыркүйек айында 44 бала келмеген. Олар қыркүйек айының ортасында кірген және шыққан балалар. Ауырған бала жоқ.

Қазан айында 12 бала келмеген. Оларда осындай себептермен жоқ делініп отыр. Ауырған бала жоқ.

Қараша айында 8 бала айдың ортасында кіріп, шыққандығына байланысты жоқ делініп отыр. Ауырған бала жоқ.

Желтоқсан айында 12 бала жоқ делініп отыр. Бұл балалар да осындай себептермен жоқ деп белгіленіп отыр. Ауырған бала жоқ.

Осы мәліметтен соң медбике аурудың алдын алу туралы баяндамасын оқыды.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қараша айында «Кітап-баланың досы» атты ата-аналармен бірлескен көрме жайлы талқылау жүрді.

Әр топ тәрбиешілері өздерінің көрмелері жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Және өз пікірлерін ортаға салды. Сөз кезегін МАТ «Балбұлақ» тобының тәрбиешісі К. Тагаева алды. Кітап бұрышын ұйымдастыру туралы мәлімет беріп өтті.

Кітап бұрышын қалай ұтымды ұйымдастыру керек

1. Кітаптың бұрышы балалар ойнайтын жерлерден алыс орналасқан, сондықтан шулы ойындар баланы кітаппен бағытталған қарым-қатынастан алысқатпауы үшін.
2. Дұрыс жарықтандыру туралы ойлану керек:
Кешкі оқу үшін табиғи (терезенің жанында) және электрлік (үстел шамының болуы, кабырға шамы).
3. Кітап бұрышының әртүрлі дизайн нұсқалары бар:
 - Кітаптар, альбомдар сақталатын сөрелер, ашық витриналар;
 - Олар үшін арнайы үстелдер мен орындықтар немесе креслолар.Ең бастысы, бала ыңғайлы, бәрі оны кітаппен еркін, шоғырландырылған қарым-қатынасқа бағыттайды.

Сөз кезегін Ересек топ тәрбиешісі Ж. Көлбаева алып кітапты жас ерекшеліктеріне сай таңдау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргзді. 1. Әдебиет пен педагогикалық жұмысты таңдау балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес болуы керек.

кіші топтар.

- Мұғалім балаларды кітап бұрышымен таныстырады,
- оның құрылымы мен мақсаты;
- Кітаптарды (суреттерді) сонда ғана қарауды үйретеді,
- орындалатын ережелерді хабарлайды:
кітаптарды тек таза қолмен алыңыз,
мұқият айналдырыңыз,
жыртпаңыз, ұсақтамаңыз, ойынға қолданбаңыз.
қарап болғаннан кейін, кітапты өрқашан орнына қойыңыз, т.б.
- Кітап шкафында бірнеше кітап қойылады (4-5, бірақ мұғалімде бұл кітаптардың қосымша даналары жақын жерде болуы керек, өйткені жас балалар еліктеуге бейім және олардың біреуі кітапқа қарай бастаса, басқалары сол жерде дәл солай алуға ұмтылу болып табылады.
- Кітап бұрышында балаларға жақсы таныс басылымдарды кітаптың жарқын суреттерімен орналастырады.

- Кітап бұрышында кітаптардан басқа қалың қағазға жапсырылған бөлек суреттер, балаларға жақын тақырыптарда («Ойыншықтар», «Балалар ойындары мен іс-әрекеттері», «Үй жануарлары» т.б.) көруге арналған шағын альбомдар болуы мүмкін

ортаңғы топтар.

- Кітаптарды өз бетінше және нақты тексерудің негізгі дағдылары бекітілген, бұл дағдылар әдетке айналуы керек.

- Педагог балалардың назарын кітаптардың оңай мыжылып, жыртылатынына аударып, оларды қалай күту керектігін көрсетеді, кітаптың жөндеуін бақылап, оған қатысуға тартады.

- Педагог кітаптағы суреттерді қарап отырып, балалардың назарын кейіпкерлер мен олардың іс-әрекеттеріне ғана емес, мәнерлі детальдарға аударады.

- иллюстрациялар (кейіпкердің костюмі, түпнұсқа жиһаздар, пейзаждың кейбір бөлшектері және т.б.).

аға топтар.

- балалардың әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыру. Әркім өз қалауы мен талғамына қарай кітап табуы керек.

Сондықтан кітап витринасына бір уақытта 10-12 түрлі кітапты қоюға болады.

Ал ортаңғы топ тәрбиешісі Ж. Лесбаева кітаптарды қалай таңдау керектігі жайлы айты.

Балалардың әртүрлі талғамдары мен қызығушылықтарын барынша ескеру үшін кітаптарды қалай таңдауға болады?

– Ертегіге деген тұрақты қызығушылықты қанағаттандыру үшін 2-3 ертегі.

– Баланың азаматтық тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін кітап бұрышында балаларды Отанымыздың тарихымен, бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстыратын өлеңдер, өңгімелер болуы керек.

- Табиғат тіршілігі, жануарлар мен өсімдіктер туралы кітаптар. Табиғат тарихы кітаптарының иллюстрацияларына қарап, бала табиғат әлемінің құпиялары мен заңдылықтарын жақсы біледі:

Жиналыс соңында балабақша әдіскері Б. Турлыбекова мына сөздермен қорытындылады.

Мұндай көрмелердің мақсаты – балалардың әдеби қызығушылықтарын тереңдету, осы немесе басқа әдеби немесе әлеуметтік маңызды тақырыпты мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекше маңызды, өзекті ету. Бұл А.Пушкиннің ертегілерінің көрмесі болуы мүмкін (әртүрлі суретшілердің иллюстрациялары, Л.Толстой, С.Маршак, т.б. кітаптар).

Қаулы етеді

оп балаларның І-ші квартал бойынша сырқат қорытындысы есепке алынсын, алардың сырқатқа шалынбауына жағдай жасалсын.
кітаптар көрмесінің қорытындысы бойынша «Ең әдемі «Кітап-баланың досы»
ы көрме бағалансын, көрмеге атсалысқан ата-аналарға алғыс айтылсын.

Б.Т. Турлыбекова
Мәтін



Турлыбекова
к. Исаева

ЖШС «Әсет-Әли» бобекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес № 3

Өткен күні: 31.01.2024ж

Қатысқандар: 13

Қатыспағандар: _____

Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылының I-жартыжылдығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындылары»

Күн тәртібінде

1. «2023-2024 оқу жылының I-жартыжылдығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» бойынша дөңгелек үстел.

Педагогикалық кеңесті балабақша меңгеруші Б.. Турлыбекова ашық деп жариялап, бүгінгі тақырыппен таныстырып өтті. Және үлгілік бағдарлама жайлы дөңгелек үстелде осы жайлы талқылау болатынын айтып бағдарламаның мазмұны жайлы сөз етті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

Бағдарламаның мазмұны: дені сау баланы тәрбиеленуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға; тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара

қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға; тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге; бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған,-деп сөз кезегін тәрбиешілерге берді.

МАТ «Балбұлақ» тәрбиешісі М. Зулпухарова «Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады: ерте жас тобы – 1 жастағы балалар; кіші топ – 2 жастағы балалар; ортаңғы топ – 3 жастағы балалар; ересек топ – 4 жастағы балалар; мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар. 6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

Педагог балаға: ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды; дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді; қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді; 5 қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды; физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды; өзі ойнауды; ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа; ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды үйретеді,-деп сөзін аяқтады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша сөз кезегін Ш. Абдиева алды.

- Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. 22. Мақсаты балалардың ауызекі сөйлеуін дамыту арқылы

әлеуметтік коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады. 23. Міндеттері: коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін тілдік қарым-қатынас ортасын құру; сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту; баланың түсінетін және белсенді сөздік қорын қалыптастыру; ересектердің, құрдастарының сөзіне еліктеу қабілетін дамыту; балаларды алғашқы қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) қолдануға үйрету; үй жануарларының дыбыстарына еліктеу, дыбыстарды қайталау арқылы дыбыстау мәдениетін қалыптастыру; 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету. 24. Күтілетін нәтижелер: суреттерден айтылған сөзге сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды табады және көрсетеді; ойыншық жануарлардың дене мүшелерін, тұрмыстық және ойын әрекеттерін, заттардың түстерін, өлшемдері мен пішіндерін көрсетеді және атайды; қарапайым сөз тіркестерін түсінеді, екі сөзден тұратын сөйлемді айтады; өтініштерді орындайды; ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындарды ойнайды; өзінің жақын адамдарының есімдерін, атауларын (ана, әке, ата, әже) күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың атауларын, тағамдардың атауларын, белгілі қимылдарды біледі және оларды айтуға тырысады; эмоционалды көңіл-күйді түсінеді және өзінің эмоциясын ым-ишарамен көрсетеді; дыбыстық тіркестерді еліктеп, дұрыс қайталайды; ересектерді тыңдайды, түсінеді, тапсырманы орындайды; заттардың атын, түсін, мөлшерін, көлемін, орнын біледі және атайды; 9 сөзбен немесе қысқа сөз тіркестерімен өз өтінішін білдіреді; дұрыс сөйлеуге талпынады; қарапайым сұрақтарға жауап береді; екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айта алады; шағын, мазмұны түсінікті әңгімелерді, тақпақтар мен өлеңдерді қызығушылықпен тыңдайды және түсінеді; жалпақ және көлемді иллюстрацияларымен кітаптарды қарайды; көрнекіліксіз таныс шығармаларды тыңдайды; таныс шығармалардағы сөздерді қайталайды; кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарайды, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетеді; оқылған таныс өлеңдердегі сөздер мен сөз тіркестерін айтады; шағын өлеңдерді, ертегілер мен әңгімелерді эмоционалды қабылдайды және қимыл-әрекет арқылы көрсете алады; шағын драмалық ойындарға, қойылымдарға қатысады, ондағы игерген тәжірибелерін еркін ойындарда қолданады. 25. Сөйлеуді дамыту (1 жастан 1 жас 6 айға дейін). 26. Сөзді түсіну. Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды, киімдерді, ыдыс-аяқтарды табу және көрсету.

Өз дене мүшелерін және ойыншық жануарлардың дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ), тұрмыстық және ойын әрекеттерін (жуыну, қыдыру); заттардың түстерін (қызыл, көк), қарама-қарсы өлшемдерді (үлкен, кіші), фигураларды (текше, кірпіш) білдіретін сөздерді түсіну. Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну, өтініштерді орындау, ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындар ойнау, тұрмыстық жағдаяттарды суреттейтін 1-3 әрекетті көрсету.-, -деп сөзін қорытындылады.

Осылайша жиналыс барысы үлгілік бағдарламасы бойынша қызу пікірталастармен жалғасты.

Жиналыс соңында балабақша әдіскері Б. Турлыбекова тәрбиешілерге бала тәрбиесінде үлкен жетістіктерге жете берулеріне және осы бағдарлама бойынша жұмыс жасап үнемі ізденісте болуға шақырды.

Қаулы етеді

1. «2023-2024 оқу жылының I-жартыжылдығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» бойынша дөңгелек үстел ~~откізіліп~~ отырылсын, бағдарлама бойынша жұмыстар жүргізілсін.

А.Б. Мұңғатай
Мамаша



Б. Турлыбекова
К. Жамаева

ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес № 4

Өткен күні: 29.03.2024ж

Қатысқандар: 13

Қатыспағандар: _____

Күн тәртібінде

1. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыста түзеу-дамыту ойындарын қолдану».
2. Психологиялық тренинг: «Келіңіздер, ойнайық!»

Педагогикалық кеңесті балабақша меңгеруші Б. Турлыбекова ашық деп жариялап, бүгінгі тақырыппен таныстырып өтті. Және осы тақырып бойынша талқылау болатынын айтты.

1. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қосымша білім беру жүйесі ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл жалпы білім беруден оның сөзсіз артықшылығы.

Қосымша білім беру ерекше білім беруде артықшылығы:

- балалардың қызығушылығы бойынша стандарттық емес жүйеде білім бере алады;
- қосымша білім беру үйірме жұмыстарын жеңілдете отырып жеке тапсырмалар беру арқылы және үйірме сабағын баланың жағдайына икемді түрде құруға мүмкіндік береді;
- қосымша білім беру балаларға арналған негізгі білімнің жетіспеушілігіне қосымша бола алады, олар өз ерекшеліктеріне байланысты білімді толық меңгеруге мүмкіндік алады;
- үйірме сабақтарында әртүрлі жастағы балалардың жиналуына байланысты балаларды әлеуметтендіру үшін үлкен мүмкіндіктерге ие;
- қосымша білім беру жүйесінде балалардың әртүрлі топтарының өзара іс-қимылын ұйымдастырып, төзімділік пен мейірімділікке тәрбиелейді;
- қосымша білім беру жүйесінде тығыз отбасылық тәрбиемен тығыз қарым-қатынас жасайды.

Сөз кезегін тәрбиеші **Г. Орынбекова** алды. «Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға ойын технологиясын енгізу» атты баяндамасын оқыды.

Ойын тәжірибесі баланың ойында терең із қалдырады және жақсы сезімдерді қалыптастыруға үлес қосады, қайырымдылық, ұжымдық бірігу дағдыларын қалыптастырады. Ойын арқылы білім алады, ол сабақта оқуды, күнделікті өмірде бақылаулармен тығыз байланысты. Балалар өз ойын міндеттерін шешуге, өз

жоспарларын жүзеге асырудың ең жақсы әдісін табуға, өз білімін пайдалана білуге, сөйлеуді үйренеді. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардан педагогтер ұзақ уақыт бойы оқытудың нәтижелерін күтеді, балалармен «кері байланыс» орнату өте қиын, қалыпты балалармен салыстырғанда. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамытудың негізгі шарты ересектермен көп қарым- қатынас жасау. Соның ішінде ойын қызметі арқылы қарым- қатынас жасау үлкен роль атқарады.

Күрделі жұмбақтарды шешуге, жасырылып қойылған заттарға және оларды дұрыс қолдануға бағытталған квест ойындары бар. Квестдағы кез-келген әрекет бір нәрсеге байланысты болуы керек. Егер сіз мұқият және қозғалғыш болсаңыз, онда ұзақ уақыт бойы тапсырманы орындау мүмкіндігін іздестіруге тура келмейді. Ойлануға жеткілікті дұрыс, қиялыңызды қосып, жауапты таба аласыз. Квест логика мен ойлауды дамытады, өте қызықты немесе эмоционалды жағдайға ұқсас кейіпкердің сезімін сезінуге мүмкіндік береді. Күрделі квест ойындары нақты өмірде болмайтын барлық жағдайды береді. Әдетте, квест туралы әңгіме кітаптар мен фильмдерге негізделген, себебі бұл ойын түрі ерекше қызықты. Осы ойын түрі жеңілдетіліп экологиялық – биологиялық бағытты ұстанып балалардың ойнау арқылы жан – жануарларды, өсімдіктерді танып білуге баулуға бағытталды,-деп баяндамасын қорытындылады.

Сөз кезегін тәрбиеші *Н. Нышанбаева* алды.

Ерекше білімді қажет ететін білім алушылардың ұсақ қол моторикасын дамыту бала денсаулығына әсері

Ұсақ қол моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. В.А. Сухомлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды, яғни бала қолымен көбірек жұмыс істесе, соғырлым қимыл әрекеті мен белсенділігі артады. Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын бала туылған кезден бастау керек. Ерекше оқытуды қажет ететін балалардың сөздік қорларын дамытуда, қызығушылықтарын арттыруда ойындарды тапсырма, жаттығулар, қол өнер қолдану көп нәтиже береді. Ойын арқылы ерекше балалардың ауыз екі сөйлеуі дамып, қарым- қатынас жасау, еркінде сенімді араласу машығын игереді. Таным белсенділіктері қалыптаса түсіп ақыл ойы өсіп жетіледі. Ойын түрлері өте көп. Ойындардың бірі саусақ ойыны. Саусақ ойыны арқылы баланы сөйлеуге деген талпынысын, зейінін, есте сақтауын, ойлау қабілетін қалыптастырады. Осы орайда ерекше білімді қажет ететін білім алушылардың зейінін, есте сақтауын, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында түзету-дамыту сабақтары үнемі жүргізіліп отырады. Ерекше білімді қажет ететін білім алушылардың қабілетін және деңгейін ескере отырып жеке дамыту бағдарламасына күнтізбелік тақырыптық жоспар құрылады. Тапсырмалар қашықтан өткізіліп, дидактикалық материалдар дайындалып, ойын түрінде ұсақ қол моторикаларын дамытуға тапсырмалар беріліп отырады.

жоспарларын жүзеге асырудың ең жақсы әдісін табуға, өз білімін пайдалана білуге, сөйлеуді үйренеді. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардан педагогтер ұзақ уақыт бойы оқытудың нәтижелерін күтеді, балалармен «кері байланыс» орнату өте қиын, қалыпты балалармен салыстырғанда. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамытудың негізгі шарты ересектермен көп қарым- қатынас жасау. Соның ішінде ойын қызметі арқылы қарым- қатынас жасау үлкен роль атқарады.

Күрделі жұмбақтарды шешуге, жасырылып қойылған заттарға және оларды дұрыс қолдануға бағытталған квест ойындары бар. Квесттағы кез-келген әрекет бір нәрсеге байланысты болуы керек. Егер сіз мүжіят және қозғалғыш болсаңыз, онда ұзақ уақыт бойы тапсырманы орындау мүмкіндігін іздестіруге тура келмейді. Ойлануға жеткілікті дұрыс, қиялыңызды қосып, жауапты таба аласыз. Квест логика мен ойлауды дамытады, өте қызықты немесе эмоционалды жағдайға ұқсас кейіпкердің сезімін сезінуге мүмкіндік береді. Күрделі квест ойындары нақты өмірде болмайтын барлық жағдайды береді. Әдетте, квест туралы әңгіме кітаптар мен фильмдерге негізделген, себебі бұл ойын түрі ерекше қызықты. Осы ойын түрі жеңілдетіліп экологиялық – биологиялық бағытты ұстанып балалардың ойнау арқылы жан – жануарларды, өсімдіктерді танып білуге баулуға бағытталды, -деп баяндамасын қорытындылады.

Сөз кезегін тәрбиеші **Н Нышанбаева** алды.

Ерекше білімді қажет ететін білім алушылардың ұсақ қол моторикасын дамыту бала денсаулығына әсері

Ұсақ қол моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. В.А. Сухомлинский бала қабілетінің қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін жазған. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды, яғни бала қолымен көбірек жұмыс істесе, соғырлым қимыл әрекеті мен белсенділігі артады. Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын бала туылған кезден бастау керек. Ерекше оқытуды қажет ететін балалардың сөздік қорларын дамытуда, қызығушылықтарын арттыруда ойындарды тапсырма, жаттығулар, қол өнер қолдану көп нәтиже береді. Ойын арқылы ерекше балалардың ауыз екі сөйлеуі дамып, қарым- қатынас жасау, еркінде сенімді араласу машығын игереді. Таным белсенділіктері қалыптаса түсіп ақыл ойы өсіп жетіледі. Ойын түрлері өте көп. Ойындардың бірі саусақ ойыны. Саусақ ойыны арқылы баланы сөйлеуге деген талпынысын, зейінін, есте сақтауын, ойлау қабілетін қалыптастырады. Осы орайда ерекше білімді қажет ететін білім алушылардың зейінін, есте сақтауын, ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында түзету-дамыту сабақтары үнемі жүргізіліп отырады. Ерекше білімді қажет ететін білім алушылардың қабілетін және деңгейін ескере отырып жеке дамыту бағдарламасына күнтізбелік тақырыптық жоспар құрылады. Тапсырмалар қашықтан өткізіліп, дидактикалық материалдар дайындалып, ойын түрінде ұсақ қол моторикаларын дамытуға тапсырмалар беріліп отырады.

Ерекше білім алу қажеттілігі бар білім алушылармен қашықтан заттық саусақ жаттығулар ойыны өткізіледі. Атап айтар болсақ, түйме тағу мен оны шешу, аяқ киім бауын байлау, арнайы рамкалардығы бау, мозайкалармен ойын, конструктормен ойын, тандап алу жаттығулары (мысалы: фасоль мен бұршақты араластыру)

Осындай ұсақ моториканы дамыту барысында білім алушылардың сөйлеу тілі жетіледі, қимыл қозғалыс қабілеті артады, икемділігі арта түседі, логикалық ойлау қабілеті дамиды, танымдық деңгейі артады.

Баланың бойына сенімділік пайда

болады, құлшынысы артады, ойындар арқылы біздер баламен қарым

— қатынас нығайтамыз. Танымдылық қабілетін дамытамыз,-деп сөзін аяқтады.

Сөз кезегін тәрбиеші *Ш. Абдиева* алды. Ш. Абдиева ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қабілеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамыту туралы айтып өтті.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды таным қабілетін логикалық ой-өрісін кеңейту, сабаққа ынтыласын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Сондықтан таным қабілетін дидактикалық ойындар арқылы дамыту балалардың ойлау қабілетін, тірек-қимыл әрекетін жетілдіруге көп көмегін тигізеді. Бала тамақтан да ойынға өте құштар болып келеді. Ойын – баланың бірінші әрекеті, сондықтан да баланың өмірінде ойынның мән-мағынасы ерекше орын алады.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

- 1) Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.
- 2) Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар.
- 3) Сөздік дидактикалық ойындар.

Заттық дидактикалық ойындарға жататындар: «Түрлі-түсті жұлдызқұрт», «Сиқырлы дөңгелек». «Түрлі-түсті жұлдызқұрт» ойынының мақсаты: түстерді тануға, сонымен қатар қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Керекті заттар: түрлі түске боялған қақпақтар және жұлдызқұрт суреті. Жұлдызқұрттың әрбір буынына түстеріне қарай қақпақтарды орналастырады. «Сиқырлы дөңгелек» ойынының мақсаты: пішіндерді танып білуге, сонымен қатар түстерді шатастырмай дұрыс орналастыруға үйрету. Керекті заттар: дискілер, түрлі-түсті қағаздардағы пішіндер, қыстырғыштар. Дискіге түрлі-түсті пішіндер жапсырылған және қыстырғыштарда дәл сондай пішіндер орналасқан. Бұл ерекше білімді қажет ететін балалардың қол моторикасын, ойлау мен танымдық қабілетін бірге дамытады.

Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындарға көбіне құрастыру, қағаздармен жұмыс жатады. Мысалы, әртүрлі оюлар бөліктерінен кілем құрастыру, әртүрлі аңдардың сұлбасын

қолдарына кигізіп, жүрісін, қимылын қайталауға болады. Түрлі түске боялған бұрнақ, күршіштерден салынып тұрған суреттің үстіне орналастыруға болады.

Сөздік дидактикалық ойындар балалардың өз ойын ашық айту, сөйлемді құрастырып айту, сөздік қорын молайту мақсатында жүргізіледі. Мысалы: «Өз үйін тап», «Балық аулау» ойындарын алуға болады. «Балық аулау» ойынының мақсаты: берілген суреттерді атап, сөйлем құрау қажет. Қажетті заттар: балықтар суреті, себет, әр түрлі суреттер. Балалар ауланған балықтың артында жасырылған суретте не бейнеленген және соған байланысты сөйлем құрауы қажет. Айналаны зерттеуге қызығушылығы оянады, ой-өрісі кеңейді, зат бейнесін көру, есту арқылы да елестетеді, яғни, зейінін шоғырландыруға жағдай жасайды.

Қорыта айта кететін болсақ, егер ерекше білімді қажет ететін балаларды уақытымен түзетіп игертпесе, бала болашағында қиындықтар кездеседі. Сол үшін ең алдымен әр балаға тән қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін анықтап алу керек. Танымдық қабілетін дидактикалық ойын арқылы дамытуды барлық ұйымдастырылған оқу қызметіне үнемі пайдалану қажет.

2. Психологиялық тренинг: «Келіңіздер, ойнайық!»

Психолог А. Пердубайдың ұйымдастыруымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: зейіннің, ерік жігерін дамыту, релаксация және қиялын дамыту.

Қажетті құралдар: баяу орындалатын музыка, кілемшелер (адам санына қарай), доп

Сәлемдесу сәті: тәрбиешілер шеңбер бойы тұрып, бір-біріне допты беріп, өз атын айтады.

«Көбелектер әлемі»

Тәрбиешілер кілемшеге шалқасынан жатып, аяқ – қолдарын еркін созады. Психолог арнайы релаксацияның әуенің қосып былай дейді: «Көздеріңізді жұмып, менің даусымды естіңіздер. Жеңіл әрі жаймен демалыңыздар. Өздеріңізді керемет жаздың шуақты күнінде шалғанда жүргендеріңізді елестетіңіздер. Дәл қазір сіздердің көз алдарыңызға ғажайып көбелек гүлден – гүлге ұшып жүргенің көріп тұрсыздар. Оның қанаттарының қимыл – қозғалысына қараңыздаршы! Ол қанаттарын жеңіл әрі әсем етіп қозғалтады. Енді әрқайсыларыңыз осы көбелектің ғажайып үлкен әрі керемет қанаттарын өздеріңізге қиялдап көріңіздерші!

Сіздердің қанаттарыңыз төмен – жоғары баяу қалықтап қозғалып жатқаның сезініңіздер! Ауада баяу қалықтап жүргендеріңізді сезініп рахаттаныңыздар! Ал енді өздерің ұшып жүрген жерлеріңізден төмендегі жап-жасыл болып тұрған шөптерге зер салыңыздар. Қараңыздаршы, қандай жайқалып тұрған гүлдердің көптігін! Көздеріңізбен ең әдемі гүлді тауып алып соған жақындай түсіңіздер! Енді сіздер өздеріңіздің гүлдеріңіздің иісін сездіңіздер!

Оңтүстік Қазақстан облысы
Сарыағаш ауданы
Құркелес ауылы

ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасы



Әсет-Әли бөбекжай
тәрбиешісі
Турлыбекова
2024ж

Баяндама

Тақырыбы: «Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға ойын технологиясын енгізу»

Тәрбиеші: Г. Орынбекова

2023 жыл

Тақырыбы: Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға ойын технологиясын енгізу.

В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл -ойдың қалыпты дамуы да жоқ» және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз-ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Ойын - балаларға арналған ең қолжетімді іс-шара, қоршаған әлемнен алынған әсерлерді өңдеу тәсілі. Ойында баланың ойлау мен қиялының ерекшеліктері, оның эмоционалдық белсенділігі, қарым-қатынас қажеттілігін дамытуы айқын көрінеді. Ойын дене шынықтыру, моральдық, еңбек және этикалық білім беру жүйесінде үлкен орын алады. Әрбір баланың оның мүдделерін және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыратын өмір сүру дағдыларын арттыруға көмектесетін қызмет қажет. Ойын арқылы білімдерін практикада пайдалана алады, оларды әртүрлі жағдайда пайдалануға болады. Ойын – ол өздігінен атқаратын қызмет, балалар қатарластарымен қарым – қатынасқа түседі. Оларды ортақ мақсат біріктіреді, жетістікке жету үшін бірлескен күш –жігер және ортақ уайым. Ойын тәжірибесі баланың ойында терең із қалдырады және жақсы сезімдерді қалыптастыруға үлес қосады, қайырымдылық, ұжымдық бірігу дағдыларын қалыптастырады. Ойын арқылы білім алады, ол сабақта оқуды, күнделікті өмірде бақылаулармен тығыз байланысты. Балалар өз ойын міндеттерін шешуге, өз жоспарларын жүзеге асырудың ең жақсы әдісін табуға, өз білімін пайдалана білуге, сөйлеуді үйренеді. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға педагогтер ұзақ уақыт бойы оқытудың нәтижелерін күтеді, балалармен «кері байланыс» орнату өте қиын, қалыпты балалармен салыстырғанда. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамытудың негізгі шарты ересектермен көп қарым- қатынас жасау. Соның ішінде ойын қызметі арқылы қарым- қатынас жасау үлкен роль атқарады. Психикалық процестерді дамыту (әсіресе ойлау, қиял және сөйлеу) көбінесе ойын деңгейіне байланысты. Ойын барысында баланың болашақта кездесетін функциясы пайда болады. Ойында өз іс-әрекеттерін жоспарлауға және оның серіктестерінің іс-әрекетін реттеуге үйренеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар нақты объектілермен жұмыс істеуді қалайды. Бұдан басқа, іс-әрекеттермен немесе сөзбен қызығушылық қабілеттерін дамыта алмайды. Үйірме сабақтары, шараларда ойын әрекеттерінің үйлесімі арқылы бағдарлама материалдарын меңгеру оңайға түседі. Ойын арқылы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға шаралар өткізу тиімді және оқушыларды өмірге бейімдеу, алған білім дағдыларын іскерлікпен қолдана білуге тәрбиелеу. Осы мақсатта облыстық экологиялық – биологиялық орталығында «Жүректен жүрекке» қамқорлық жобасы негізінде «Экологиялық квест» ойыны жүзеге асырылды. 3. «Экологиялық квест» ойыны Квест (ағылшын тілінен аударғанда «quest»- шақыру, іздеу, қызықты уақиға деген мағаналарды береді) – бұл интеллектуалдық ойын түрі, қатысушылар бірқатар кедергілерден өтуі тиіс, белгілі бір тапсырмаларды шешу, логикалық жұмбақтарды шешу, жолында кездескен қиындықтармен күресу, ортақ мақсатқа жетуі қажет. Квестер өзіндік бірқилы қалыпы мен сюжеті бар үлкен және әдемі ойын болып табылады. Оның мағынасы әртүрлі заттарды қолдануға негізделген. Квест

Ойындарының өзіндік сипатты кескіні бар – бұл жағымды музыкалық сүйемелденумен сапалы графика, ойластырылған шиеленіскен сюжет, көптеген локациялар, қызықты жұмбақтар және тапсырмалар. Олар өзіне тартады, қызықтырады және соңына жеткенше өзінен босатпайды. Мұндай ойындарды балалар да, ересектер де ұнатады. Ойыншыда жылдам әрекеттік қабілеттің болуы міндетті емес. Бұл жерде акцент дұрыс ойластыруға, әр кадамды санап басуға және дұрыс шешім қабылдауға қойылады. Күрделі жұмбақтарды шешуге, жасырылып қойылған заттарға және оларды дұрыс қолдануға бағытталған квест ойындары бар. Квесттағы кез-келген әрекет бір нәрсеге байланысты болуы керек. Егер сіз мұқият және қозғалғыш болсаңыз, онда ұзақ уақыт бойы тапсырманы орындау мүмкіндігін іздестіруге тура келмейді. Ойлануға жеткілікті дұрыс, қиялыңызды қосып, жауапты таба аласыз. Квест логика мен ойлауды дамытады, өте қызықты немесе эмоционалды жағдайға ұқсас кейіпкердің сезімін сезінуге мүмкіндік береді. Күрделі квест ойындары нақты өмірде болмайтын барлық жағдайды береді. Әдетте, квест туралы әңгіме кітаптар мен фильмдерге негізделген, себебі бұл ойын түрі ерекше қызықты. Осы ойын түрі жеңілдетіліп экологиялық – биологиялық бағытты ұстанып балалардың ойнау арқылы жан – жануарларды, өсімдіктерді танып білуге баулуға бағытталды.

ЖШС «Әсет-Әли» бобекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес № 5

Өткен күні: 24.05. 2024ж

Қатысқандар: 15

Қатыспағандар: _____

Тақырыбы: Оқу жылының қорытындыларын талдау.

Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру

Күн тәртібінде

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасау.
2. Балабақшаны дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есебі
3. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру
4. 2024ж жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, Ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу. Жазғы кезеңге жоспарды бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті, күн тәртібін өтпелі тақырыптарға бөлу.

Педагогикалық кеңесті балабақша меңгеруші Б. Турлыбекова ашық деп жариялап, бүгінгі тақырыппен таныстырып өтті. Және осы тақырып бойынша талқылау болатынын айтты. *Сөз кезегін әдіскер Г. Турымова алды.*

Мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы органы ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады. өткізу көзделеді. Мектепке дейінгі кезең - баланың өміріне қажетті дағдыларды игерту және оларды дамыту кезеңі. Педагог балалардың қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша ашуға және дамытуға жағдай жасауы тиіс. Ол үшін өзінің алдын-ала Циклограмма бойынша жоспарлаған әрекеттерін орындаумен шектелмей, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, баланың өзі таңдаған әрекет түрін ұйымдастыру қажет. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог балаларды тыңдай білуге дайын, сұрақтар қоюға қабілетті, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарайтын, балаларға қолдау көрсететін, баламен жылы қарым-қатынас орната алатын болуы маңызды. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткері, педагог, психологғалым Жүсіпбек Аймауытов өз еңбектерінде «баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек,

себебі балаға айтып ұқтырғаннан гөрі бала көргеніне көп еліктегіш болып келеді, сондықтан балаға жақсы әдеттер мен мінездің көрінісін іспен көрсету керек» деп, баланы тәрбиелеудегі тәрбиешінің тәрбиелі болуының жауапкершілігін айқын дәлелдеген. Сондықтан баламен қарым-қатынас барысында сіздің күнделікті өзіңізді ұстауыңызды, бала бақылаушы ғана емес сіздің жақсы әдеттеріңіз бен өнегелі істеріңізді қабылдаушы және соған еліктеуші екенін ұмытпау керек. Мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы, ағартушы-педагог, этнограф, журналист-аудармашы Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы (Сағызбайқызы) «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала» деген еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуына мән берген. Бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін баланы тәрбиелеп, өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқтала отырып, жас баланың айналыны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп, жетілетінін айта келе, баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды» деп жазған. Демек бүгінгі күні өзекті болып отырған «баланың үнін есту» балаларға мейірімділікпен қарау, оларға мейірбандық таныту, олармен дос болу, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда әрбір педагогтің бойынан табылатын ізгі қасиеттер болуы қажет. Нәзипа Құлжанова сондай-ақ өз еңбектерінде баланы жас кезінен бастап табиғат аясында тәрбиелеудің эстетикалық әсерін айта келіп, «Бала даланың б кеңдігінде шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп құспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын тоғай арасында сайрандай жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп, өркендемек» деп, табиғаттың баланы жан-жақты дамытудағы маңыздылығына ерекше тоқталып, «Әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе участогы болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тотықұсты, кірпікшешенді, балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, су құюды үйренсін, сазбалшықтан ойыншықтар жасап үйренсін» деген сөздері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, баланы дамыту мен тәрбиелеуде заттық-дамытушы ортаны жасақтауға үлкен мән беру қажеттігін айқындап отыр

Сөз кезегін тәрбиеші М. Шотимова алды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді тек топ бөлмесінде балаларды үстел басына отырғызып өткізумен шектемей, жатын бөлмеде төсеніштің үстіне отырғызып (жатып), таза ауада (ауа-райының жағдайларына байланысты), сондай-ақ күннің бірінші және екінші жартысында балаларға жайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

Ұлттық құндылықтар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамытуда: - мергендікке, шапшаңдыққа, ептілікке, денесінің дұрыс қалыптасуына ықпал ететін ұлттық ойындарды (ақ серек, асық ойыны, бес тас, атқа мінгізу, ат жарыс, көкпар және т.б.) ойнату;

- ерте жас тобынан бастап, бесік жырын, ертегілерді, аңыздарды, дәстүрлі әндер мен күйлерді тыңдату;

- қазақ халқының айнала қоршаған ортаға, табиғатқа қатысты «обал болады», «сауап болады» ұғымдары туралы кең насихаттау;

- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеу, салт-дәстүрлерімен таныстыру;

- жүннен, жіптен сурет салуға, ою-өрнектерді мүсіндеуге, жапсыруға баулу;

- ел аумағындағы шексіз далалар, жартасты таулар, әсем табиғат, өзендер мен көлдер,

тарихи сәулет ескерткіштеріне қызығушылықтарын арттыруға баса назар аудару қажет.

Сөз кезегін Ш. Абдиева алды. Нұсқаулықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда және балалардың жеке және жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оларды жан-жақты үйлесімді дамыту мен әлеуетін ашуда педагогтің атқаратын міндеттері, заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу, тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен педагогке қажетті мынадай материалдар:

- заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері; - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу педагогтердің озат тәжірибелері;
- балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері;
- ұлттық, қимылды ойындар;
- балаларға оқып беруге шығармалар және аудио ертегілер;
- Тәуелсіздік пен балалар әдебиеті жылына арнайы ұйымдастырылған «Балапаным биік ұш» мұшайра материалдары;
- балалардың театрландырылған әрекетін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер топтамасы;
- мектепке дейінгі ұйымда мобильді кітапхананы құруға аудио жазбасын жылдам жауап беру кодымен (QR) қажетті материалдар;
- мектепке дейінгі ұйым музыканттарымен әзірлеген балалар әндері ноталарымен, музыкалық сүйемелдеуімен аудиоматериалдар сілтемелері берілген.

Сөз кезегін Н. Сафарова алды. Заттық-дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта. Заттық- дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатынын қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек. Дамытушы орта мыналарды: - Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды; - инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды; - білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді; - балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Сөз кезегін тәрбиеші Н. Нышанбаева алды.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға ұсынымдар.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта:

- Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;

-тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы;

- балалардың эмоционалды жай-күйі мен тұлғасын дамытуға жағдайлар жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз етуі;

- түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс.

Жиһаз бен жабдықтар баланың бойына және жасына сәйкес келуі, қауіпсіз, тартымды және балаларды дамытатындай болуы керек.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ойыншықтары мен ойынға арналған материалдар:

- қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету талаптарына сәйкес болуы;

- баланың дамуына ықпал етуі;

-Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес үнемі жаңартылып отыруы, тартымды және сапалы болуы;

- жеткілікті мөлшерде (топтағы барлық балалар үшін), әртүрлі болуы (әр баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыра алуы,-деп сөзін қорытындылады.

2. Екінші мәселе балабақшаны дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есебін әдіскер Г. Турымова берді.

Бөбекжай балабақшамыздың жобалық қуаттылығы 250 бала, топтар саны-11 Педагогтардың жалпы саны-15, оның ішінде 75% педагогтар жоғары білімді.

Ата-аналармен жұмыс жоспарға сай жүргізілуде, жаңартылған форматта ата-аналар жиналысы мен әр түрлі байқаулар ұйымдастырылуда. Балабақшамызда ата-аналармен бірлескен іс-шаралар жыл сайын өте жоғары сұраныста өткізіліп отырылды. Әр маусым сайын балабақшаның тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыру мақсатында ата-аналар арасында сауалнама жүргізіліп, ашық есік күні ұйымдастырылып отырады.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі,өсіп келе жатқан жас ұрпақ білімінің тереңдігімен өлшенеді. Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп- ол балабақша

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

2023-2024 жылда әдістемелік бірлестіктің жұмысы, жас мамандармен жұмыс, мерекелер мен ертеңгіліктер, көрмелер, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, көшедегі мінез-құлық ережелері бойынша тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, денсаулық күндері, дене-шынықтыру-сауықтыру кештері, дене шынықтыру мерекелері, пед кеңестер, меңгеруші алды кеңестер, топтық, жалпы ата-аналар жиналыстары, балалардың біліктер мен дағдыларының даму деңгейін

диагностикалау, нұсқаулықтар, ата-аналармен шығармашылық көрмелер т.б жұмыстар жүргізілді, баяндамалар тыңдалды. Барлық іс-шаралар өз деңгейінде, жас ерекшелігіне сай өтіліп отырылды. Кешіліктерді түзеу 2024-2025 оқу жылына енгізілді.

Мақсатымыз: Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те балабақшаға барған баламен, бақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын – адамдармен қарым-қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де тағымын сол сияқты көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз. Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да бақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, бақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін – сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек. Оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Балабақшамыз жыл бойы балаларды біліммен сусындатып, жылдық жоспарға сай өткізілген іс-шараларды өз деңгейінде, жас ерекшелігіне сай өткізіп отыру.

Балабақшада дұрыс тәлім – тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Болашақ заңгерлерді – әділдікке үйрету, дәрігерлерді – жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды – нақтылыққа тәрбиелеу – барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет.

Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, тәрбиешіге байланысты. Баланың болашаққа қадам алып, жан-жағымен, қоршаған ортасымен танысып, ең бірінші білім, тәрбиемен сусындайтын орны – балабақша.

Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек. Олай болса заман талабынан қалмай, заманауи болашақ балаларды тәрбиелейік.

3. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі бойынша түсіндірме жұмыстарын балабақша әдіскері Г. Турымова жүргізді. Бөбекжай бақша меңгерушісі Б. Турлыбекова балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жазғы сауықтыру 3 айлық жоспарын, күн тәртібін, оқу қызметінің кестесін бекітті.

- 4. 2024ж жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен жас ерекшеліктеріне сай таныстыру, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңдерге бөлу, жазғы кезеңдерге жоспарларын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті, күн тәртібін өтпелі тақырыптарға бөлу бойынша әдіскер Г. Турымова тәрбиешілерге түсіндіп өтті.**

Қаулы өтеді:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасалсын, дамытылсын.
2. Балабақшаны дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есебі қорытындылансын, кемшіліктер түзелсін.
3. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырылсын, жоспар бойынша жүргізіліп отырылсын.
4. 2024ж жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен таныстырылсын.
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер жазғы кезеңге бөлінсін.
Жазғы кезеңге жоспарлар бекітілсін.
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер, күн тәртібі өтпелі тақырыптарға бөлінсін.

Әдіскер: Г. Турымова

